

**"Монғолияны операциялар елі ретінде қабылдау мақсатында Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімге түзетуді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қарашадағы N 1129 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Монғолияны операциялар елі ретінде қабылдау мақсатында Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімге түзетуді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Монғолияны операциялар елі ретінде қабылдау мақсатында  
Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімге  
түзетуді ратификациялау туралы**

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі басқарушылар кеңесінің 2004 жылғы 30 қаңтардағы N 90 қаулысымен мақұлданған Монғолияны операциялар елі ретінде қабылдау мақсатында Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімге түзету ратификациялансын.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**N 90 ҚАУЛЫ МОНҒОЛИЯНЫ ОПЕРАЦИЯЛАР ЕЛІ РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАУ  
МАҚСАТЫНДА  
ЕҚДБ ҚҰРУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ТҮЗЕТУ**

*Б а с қ а р у ш ы л а р            к е ã е с і*

Директорлар кеңесінің Монғолияны ЕҚДБ-ның қаржы ресурстарын пайдалану құқығы бар операциялар елі (немесе алушы ел) ретінде қабылдау мақсатында ЕҚДБ құру туралы келісімге түзету енгізу ұсынысы туралы баяндамасын қарап және көрсетілген баяндамамен келісе отырып,

**Қ А У Л Ы            Е Т Е Д І :**

ЕҚДБ құру туралы келісімнің 1-бабының редакциясы, оған мынадай мазмұндағы

екі қосымша сөйлем енгізіле отырып өзгертілсін: "Банктің мақсатына дәл сондай шарттарда Монғолияда да қол жеткізуге болады. Осыған байланысты осы Келісімдегі және оның қосымшаларындағы "Орталық және Шығыс Еуропа елдері", "Орталық және Шығыс Еуропадағы елдер", "алушы ел (немесе алушы елдер)" немесе "алушы ел, Банк мүшесі (немесе алушы елдер, Банк мүшелері)" сияқты кез келген сілтеме Монғолияға да қатысты болады".

#### О Д А Н    Ә Р І    Қ А У Л Ы    Е Т Е Д І :

Түзету ЕҚДБ-ның әрбір мүшесі: а) көрсетілген түзетуді өз заңдарына сәйкес қабылдағаны туралы құжатты ресімдеп, ЕҚДБ-ға сақтауға тапсырғаны және б) өзінің көрсетілген түзетуді қабылдағанының, сондай-ақ ЕҚДБ-ның осы мүшесінің заңдарына сәйкес оны қабылдағаны туралы құжатты ресімдегенінің және сақтауға тапсырғанының нысаны мен мазмұны жағынан ЕҚДБ-ны қанағаттандыратын дәлелдерін табыс еткені туралы Банк ресми хабарлаған күннен бастап үш айдан кейін күшіне енеді.

(2004 жылғы 30 қаңтарда қабылданды)